

PhD Аубакирова К.К., PhD Мустафаева А.А.

Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер және «Иршәдул-мулук уәс-саладин» қолжабасы*

Тарихта қойнауында сақталған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер ХХ ғасырдың орта кезеңінен бастап жан-жақты зерттеле бастады. ХІІІ-ХV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің тілі Э.Н. Наджип, Ғ. Айдаров, А. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, М.Б. Сабыр, А. Әлібекұлы, Қ. Садықбеков, Қ.Қыдырбай сияқты түркітанушы-ғалымдардың еңбектерінде мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбаларға жан-жақты сипаттама жасалып, шығармалардың лексикалық қоры анықталды. Түркі-қыпшақ тіліндегі жәдігерлер белгілі бір мақсатта әртүрлі жазу таңбаларымен (руналық, ұйғыр, араб, армян, латын) және түрлі көркемдік жанрда (дипломатиялық құжаттар, заңдар, хаттар, филологиялық еңбектер, діни, ғылыми трактаттар және т.б.) жазылған. ХІ-ХVІ ғасырлар аралығында дүниеге келген қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді графикалық, құрылымдық, мазмұндық жағынан бірнеше топқа жіктеуге болады. Ортағасырлық ескерткіштерді зерттеумен айналысқан ғалымдар ортағасырлық қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерді жазу графикасына қарай төмендегідей топтайды: Готикалық көне шрифтмен жазылған ескерткіштер (ХІІІ-ХІV ғ.); Араб әрпімен жазылған мұралар (ХІ-ХІV ғ.); Армян жазуымен берілген материалдар (ХV-ХVІ ғ.); Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (ХІ-ХІІІ ғ.); Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер [1, б. 45].

Қазіргі кезде түркітанушы ғалымдар түркі халықтарының жазба мұрасын үш хронологиялық кезеңге бөліп қарастырады: көне түркілік кезең (V-X ғ.); орта түркілік кезең (X-XV ғ.); жаңа түркілік кезең (XV-XX ғ.). Түркітанушы

* Зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №AP09058201 «Иршәдул-мулук уәс-саладин» ескерткішіндегі (ХІV ғ.) теоллингвистикалық кеңістік» атты жоба аясында жүргізілді.

А.Қ. Құрышжанов XI-XVI ғасырлардағы орта түркілік кезеңде жазылған жазба ескерткіштерді тілдік тұрғыдан Қарахан дәуіріндегі ескі түркі тіліндегі; Орта Азия және Поволжьядағы ескі түркі тіліндегі; ескі түркі тіліндегі; шағатай тіліндегі ескерткіштер деп қарастырса [2, б. 19], кейбір ғалымдар бұл ескерткіштерді төрт топқа бөліп көрсетеді: Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер; Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер.

Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің өзі құман, Орта Азия, Алтын Орда және мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер болып жіктеледі [3, б. 16]. А. Құрышжанов қыпшақ жазба ескерткіштерін әдеби тілде және халықтың ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер деп көрсетеді. Бірінші топқа жататын шығармаларды ортақ әдеби тілде жазылған ескерткіштер және жергілікті халық тілінде жазылған Орта Азия мен Еділ бойы (Алтын Орда) ескерткіштері деп бөліп, олардың қатарына Рабғузидің «Қиссасу әл-әнбийа», Құтыбтың «Құсырау-Шырын», Рауандидің «Мухаббатнаме», Әлидің «Нахд-әл-Фарадж», Сайф Сараидың «Гүлистан бит-түрки», Сиди Ахмедтің «Ташшұқнама», Хорезмидің «Тәржіма Шаһнама», Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Әбілғазының «Оғызнама» атты еңбектері мен авторлары белгісіз «Қорқыт ата кітабы», «Сираж әл-Қулуб», «Рахат әл-Қулуб», «Миғражнама», «Дастан-и-Жұмжұма Сұлтан», «Мифтаһул-әділ», «Тефсир» және т.б. еңбектерді жатқызады. Ал жергілікті халық тіліндегі ескерткіштер мен қыпшақ ауызекі сөйлеу тіліндегі ескерткіштерге Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметі», Сүлеймен Бақырғанидің «Хикметі» және Мысырда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған әдеби шығармалар, діни және әскери бағыттағы еңбектермен қатар қыпшақ тіліне қатысты грамматикалық еңбектер мен сөздіктер, діни трактаттар, тарихи жазбалар және т.б. жатады [2].

XIV ғасырға жататын жазба ескерткіштердің тіліне қатысты зерттеушілер әртүрлі терминдерді қолданады. Мысалы, шығыс-түркі тілі (Брокельман), оғыз-қыпшақ, ұйғыр-қыпшақ тілі (А.Н. Самойлович), қарлұқ-хорезм әдеби тілі,

Алтын Орда әдеби тілі (Н.А. Баскаков), қыпшақ тілі (А. Баттал-Таймас, А. Инан, Э.Н. Наджип), Мысырдағы қыпшақ-оғыз әдеби тілі (Э.Н. Наджип), мәмлүк-қыпшақ тілі (Ж. Экман), хорезм жазба тілі, Хорезм-Алтын Орда жазба тілі, Орта Азиядағы классикалық жазба тілі (А. Инан), шағатай тілі (Ф. Көпрүлү), хорезм-түркі тілі (А.Н. Самойлович) және т.б. [4, с. 78]. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында Ж. Экманның ғылыми айналымға енгізген мәмлүк-қыпшақ және түркі-қыпшақ тілі ұғымдары қолданылды.

XIII-XV ғасырларда мәмлүктер билігі тұсында мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған шығармаларды мазмұндық жағынан және жазылу мақсатына қарай төмендегідей топтастыруға болады: Сөздіктер мен грамматикалық еңбектер; Әдеби еңбектер; Әскери-тактикалық бағыттағы еңбектер; Діни еңбектер.

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі грамматикалық ескеркіштерге әртүрлі әлемдік кітапханаларда сақталған төмендегі қолжазбалар жатады: «Әл-Идрак», «Әт-тухфа», «Әл-қауанин», «Тәржұман», «Әд-Дурра» және «Бұлғат әл-Муштақ». Бұл жәдігерлердің басым бөлігі құрылымдық, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан зерттеліп, ағылшын, орыс және қазақ тілдеріне аударылған.

Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиетін зерттеген А. Әлібекұлы түркі халықтарына ортақ Мысырдағы қыпшақ әдебиетінің өкілдеріне Сайф Сарайи, Берке Факиһ, Құтыб, Мәуләнә Қазый Мухсин, Мәуләнә Исхак, Мәуләнә Имад Хорезми, Әбдулмәжид, Тоғлы Қожа, Ханасоғлы, Хусейн Хасан Мухаммад әл-Хрезми сынды жыр майталмандарын жатқызады [5, б. 52]. Солардың ішінде «Гүлістан бит-түрки» шығармасының авторы Сайф Сарайидің орны ерекше. Саадидің парсы тіліндегі атақты «Гүлістан» атты поэмасының түрік тіліндегі аудармасының жалғыз нұсқасы Нидерландыдағы Лейден кітапханасында сақталған [6, с. 22]. Аталған шығарманы алғаш рет ғылыми айналымға венгерлік түркітанушы Т. Йозеф енгізген. «Гүлістан бит-түрки» шығармасы А. Баттал-Таймас, М.Т. Хоустма, Ф.Н. Үзлүк, Э.Н. Наджип, М.Б. Сабыр, Ә. Керімұлы, Қ. Сейтжанов, А. Әлібекұлы сияқты авторлардың еңбектерінде қарастырылған. Ғалым А. Әлібекұлы Хорезмидің «Мұхаббат-наме» поэмасының көп бөлігі Сыр

жағасында жазылғанымен, соңғы жолдары түркі-қыпшақ мәмлүктері билік құрған мемлекетте аяқталғандығын анық айтады [5, б. 75]. Сонымен қатар аталған шығарма Г.Ж. Убайдуллаеваның «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) текстологиясы (жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы)» атты зерттеу жұмысында да жан-жақты қарастырылған [7]. Келесі шығарма парсы ақыны Әбулқасым Фирдауси Тусидің «Шаһнама» атты поэмасының Шариф Амиді жасаған түркі тіліндегі аудармасы да Мысыр жерінде аяқталып, мәмлүктер әулетінің ең соңғы сұлтаны әл-Мәлик әл-Әшрәф Әбу Насыр Қансуһ әл-Ғуриға (1500-1517) сыйға тартылған.

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі *діни еңбектердің* қатарына Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасында сақталған «Китаб фи әл-фикһ» («كتاب في الفقه»), Ыстамбұл кітапханасының Фейзуллаһ Эфенди бөлімінде сақталған «Китаб фи әл-фикһ би-л-лисан әт-Турки» («كتاب في الفقه باللسان التركي») атты ескерткіштерді жатқызуға болады. Аталған діни-канондық және діни-танымдық мазмұнда жазылған діни еңбектердің көпшілігі сунниттік бағыттағы ханафи мазһабының фикһ негіздерін қамтиды. Фатимилер дәуірі кезінде тараған шииттік ағымның орнына сунниттік ағымдағы төрт мазһабты кеңінен тарату мақсатында діни сипаттағы жазба ескерткіштердің араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылуы қолға алынған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі діни еңбектердің қатарына «Китаб муқаддима Абу әл-Лайс әс-Самарқанди» («كتاب مقدمة ابو الليث الثمرقندي») – «Абу-л-Лейс әс-Самарқандидің кіріспе кітабы») шығармасын жатқызуға болады. Діни мәселелер қарастырылған бұл еңбек араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған. Араб тіліндегі нұсқасының авторы – Ханафи мазһабындағы атақты фикһ ғалымдарының бірі Абу әл-Лейс әс-Самарқанди (983 ж. қ. б.). Аталған еңбектің Қансуһ әл-Ғуридiң әмірі бойынша аударылған нұсқасына Есенбай ибн Судан көшірме жасаған. Қырық жеті беттен тұратын еңбектің жалғыз нұсқасы Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасында сақталған. Қолжазба А. Зайончковскийдің француз тілінде берілген түсініктемелері мен ең алғаш Будапешт (1959), кейін Варшава (1962) қалаларында жарияланған. Қыпшақтанушы Қ.А. Садықбековтың «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-

Самарқанди» ескерткіші және оның тілі» атты зерттеуінде қолжазбаның тілдік ерекшеліктері кешенді түрде зерттеліп, мәтіннің түпнұсқа тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз және еркін аудармалары берілген.

Алтынордалық ақын Құтыбтың «Хусрау уә Шырын» поэмасын көшіріп жазған Берке Факих белгісіз автордың **«Иршадул-л-мулк уә әс-салатин»** («ارشاد الملك و السلاطين») атты еңбегін араб тілінен түркі-қыпшақ тіліне аударған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі діни еңбектердің қатарына жататын бұл шығарма 1387 жылы Александрия қаласының наибы Сайф Бачманның тапсырысы бойынша аударылған. Араб тілінен түркі-қыпшақ тіліне аударылған Әбу Ханифа мәзһабының шарифат шарттары туралы айтылған «Иршәдул-мулук» ескерткіші түркі халықтарының діни сенімдеріне қатысты құнды еңбектердің бірі болып табылады. Зерттеу нысанына алынып отырған діни мазмұндағы **«Иршәдул-мулук уәс-салатин»** («ارشاد الملك و السلاطين») – «Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық», 1387 ж.) қолжазбасының түпнұсқасы Сүлеймания кітапханасының Айасофия бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 1016 нөмерімен сақталған, 498 парақтан (996 бет) тұрады. Қолжазбаның авторы туралы толық дерек табылмаған, бүгінгі ғылымға белгілі жалғыз нұсқасын (Стамбул нұсқасы) Берке Факих жасаған.

Зерттеу нысанына алынып отырған діни мазмұндағы **«Иршадул-мулук»** ескерткішінің кейбір бөлімдері бойынша 1965-1975 жылдар аралығында Стамбул университетінде 9 зерттеу жұмысы жазылған. Түрік ғалымы Р. Топарлы бұл зерттеулерде еңбектің жекелеген бөлімдері ғана қарастырылғандықтан, қолжазба туралы толық мәлімет берілмегенін, транскрипциясы мен сөздердің индекесін жасауда, тіпті қолжазбаның нұсқасын анықтауда да қателіктер кездесетіндігін айтқан. Р. Топарлы өз зерттеуінде аталған қолжазбаның морфологиялық ерекшеліктерін қарастырып, түрік тілі қоғамы баспасынан 1992 жылы қолжазбаның толық транскрипциясымен бірге монография ретінде жариялаған [8]. Бұл ескерткіштің транскрипциясы қазіргі түрік тіліне негізделіп жасалғандықтан, ортағасырлық еңбектің толық мәнін аша алмайтындығын ескеру қажет. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі әдеби

ескерткіштерді зерттеп жүрген Т. Қыдыр Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен жарыққа шыққан «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» атты кітапта ескерткіштің бастапқы 12 бетін қазақ тіліне аударып, үзінді ретінде берген.

Мысырда XIII-XV ғасырларда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған әдеби, діни-дидактикалық жәдігерлер дүниеге келді. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мұндай жазба ескерткіштерді зерттеу қазіргі түркі халықтарының, олардың ішінде қыпшақ тобына жататын халықтардың қоғамдық, этнографиялық, саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени, тілдік тарихын, наным-сенімдері мен діни ұстанымдарын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Сондықтан диахронды және синхронды тұрғыдан түркі тілдерінің даму тарихын зерттеу барысында түрлі жанрда жазылған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді лингвистикалық деректанудың объектісі ретінде жан-жақты зерттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Айдаров Ғ., А. Құрышжанов, М. Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.

2 Құрышжанов А. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – Т.6. – 19 б.

3 Кеңесбаев І.К. Орта ғасыр ескерткіштерін зерттеу жайында бірер сөз. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 206 б.

4 Фазылов Э.И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в. - Ташкент, 1971. – 212 с.

5 Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі) – Алматы: Арда, 2008. – 176 б.

6 Наджип. Э. Тюркоязычный памятник XV в. Нахдж ал-Фарадис и его язык. – Туркестан, 2012. – 448 с.

7 Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) текстологиясы (жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 25 б.

8 Topalı R. İrşadül-müluk ves-selatin. – Ankara, 1992. – P. 627.